

«2024-2025 оқу жылының жазғы сессия қорытындыларын талдау» мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«01» шілде 2025ж.

Ғылыми кеңесте «2024-2025 оқу жылының жазғы сессия қорытындыларын талдау» мәселесі бойынша ақпарат тыңдалып келесідей тұжырымдар жасалды:

Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша күндізгі және жеделдетілген күндізгі оқу нысандары студенттерінің жазғы емтихан сессиясы университеттің білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбелеріне сәйкес белгіленген мерзімде өтті.

Күндізгі нысандағы 1-3 курс білім алушыларының жалпы саны – 2759. Оның ішінде 2198 студент барлық пәндер бойынша сессияны сәтті тапсырды; 2 студент шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алуда; 559 – түрлі себептермен академиялық кезеңде оқу бағдарламасын орындамады; оның ішінде сессияға келмеу, аралық кезең рейтингі мен пререквизиттер бойынша сәйкес келмеуі, қорытынды аралық рейтинг бойынша жіберілмеу; "Ғ-қанағаттанарлықсыз" (қайта тапсыру құқығынсыз) бағасын алу; университеттің академиялық адалдық саясатын бұзу.

Абсолютті үлгерім 79,7% құрады; білім сапасы – 54,3%.

Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратурада білім сапасы – 83,8%; докторантурада – 100%.

Ғылыми кеңесте «2024-2025 оқу жылының жазғы сессия қорытындыларын талдау» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша білім берудің барлық нысандары мен деңгейлері бойынша оқитын білім алушылармен тұрақты жұмыс жүргізілсін (**жауапты:** факультет декандары; комплеанс-офицер, тіркеу офісі; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы бойы).

2. Бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша емтихандардың барлық нысандары бойынша емтихан материалын әзірлеу сапасы қамтамасыз етілсін (**жауапты:** факультеттердің академиялық комитеттері; **орындалу мерзімі:** 20.11.2025ж.).

3. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлері бойынша білім алушылардың білімін ағымдағы және аралық бақылау үшін тапсырмаларды әзірлеу сапасы қамтамасыз етілсін (**жауапты:** кафедра меңгерушілері, **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы бойы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Б. Таубаевқа** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Б. Бурибаев

Г. Шүкенай

Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты Молекулалық генетика және
геномика зертханасының есебі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«01» шілде 2025 ж.

Ғылыми кеңес отырысында Молекулалық генетика және геномика зертханасының есебі тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- 20224–2026 жылдарға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа «Өмір және денсаулық туралы ғылым» басым бағытының «Медицина және биология саласындағы молекулярлық-генетикалық және мультиомдық зерттеулер» мамандандырылған бағыты бойынша берілген бір гранттық жоба 149 484,042 мың теңгеге қаржыландырылды; 20224–2026 жылдарға арналған гранттық конкурстарға зертхана қызметкерлері тарапынан бір жоба дайындау жоспарлануда.

- 2024–2026 жылдарға ҚР ҒЖБМ ҒК «Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институты» және «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бірлесіп тапсырған зертхананың Бағдарламалық–мақсатты қаржыландыру бойынша жобалары ҰҒК тарапынан қолдау тауып, жалпы сомасы 99 000,00 мыңды құрайтын екі жоба қаржыландырылды;

- Жетісу университетінде 2023 жылы құрылған «Speed Breeding» платформасы университет және AP23488859 «Орталық Азия бидайына толық геномды сканерлеу, автоматтандырылған фенотиптеу және интенсивті селекция әдістері арқылы құндылықтар қосу» қаржысынан кеңейтіліп, Орта Азияда баламасы жоқ замануи екінші буынды «Speed Breeding» комплексі құрылды;

- Биотехнология және экология ҒЗИ Молекулалық генетика және геномика зертханасының ұйымдастыруымен 2025 жылы білім тарату мен технологиямен бөлісу мақсатында «Заманауи өсімдіктер шаруашылығының ғылыми негіздері» және «Жеделдетілген селекцияны ауылшаруашылығы дақылдарын жақсартудың заманауи бағдарламаларында қолдану» тақырыбына екі ғылыми теориялық және практикалық уоркшоп өткізілді. Уоркшопта биология ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі және ҰҒА «Агробioresурстар және Экология» бөлімінің төрағасы профессор Ерлан Туруспеков баяндама оқыды. Уоркшопқа еліміздің аграрлық саласының дамуына үлес қосып жүрген «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ», «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты» және «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» сияқты жетекші ғылым және білім беру орындарының мамандары қатысты;

- 2025 жылы зертхана қызметкерлері 5 мақала жарияланған. Оның ішінде, Web of Science, Scopus дерекқорларының ғылыми журналдарында 1 мақала және ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда 3 мақала және ЖУ Хабаршысында 1 мақала жарияланған. Сонымен қатар, шетелдік ғалымдармен бірігіп жоғары импакт факторлы халықаралық журналдарға басылымға 2 мақала тапсырылған.

- 2025 жылы зертхана меңгерушісі Ермекбаев К.А. АҚШ, Сан-Диего қ. өткен өсімдіктер мен жануарлардың геномикасы саласындағы ең беделді «Plant and Animal Genome Conference (PAG 32)» конференциясында және Аламаты қ. өткен халықаралық «GENETICS AND PHYSIOLOGY: PAST, PRESENT, FUTURE» атты конференцияда ауызша баяндама жасаса, зертхананың кіші ғылыми қызметкері Абдуаксов А. соңғы конференцияда қатысушылар назарына постер ұсынды;

- 2025 жылы зертхана қызметкерлері AP23488859 «Орталық Азия бидайына толық геномды сканерлеу, автоматтандырылған фенотиптеу және интенсивті селекция әдістері арқылы құндылықтар қосу» және BR24992903-OT-24 «Практическое внедрение современных молекулярно-генетических, физиолого-биохимических, биотехнологических методов и цифрового фенотипирования в селекцию экономически значимых сельскохозяйственных культур» ғылыми зерттеу жобалары аясында «Жаздық бидай сорттарын жедел шығаруға арналған кешен» үшін пайдалы модельге патент алды;

- зертхана меңгерушісі жаратылыстану ғылыми бағыты бойынша 1 докторант және 3 магистрантқа жетекшілік етіп, зертханада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда. 2024-2025 оқу жылында 2 магистрант бітірді.

«Молекулалық генетика және геномика зертханасының есебі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Зертхана қызметкерлерінің ғылыми зерттеу жұмысының сапасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған және Scopus, Web of Science индекстеу базасына кіретін басылымдарда мақала жариялау саны арттырылсын (**жауапты:** Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

2. ҚР ҒЖБМ ҒК ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалары бойынша гранттық қаржыландыруға конкурсқа кемінде 1 жобаға өтінім дайындалсын (**жауапты:** Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

3. Шетелдік және отандық ғалымдармен бірлесіп жұмыс жасау, тәжірибе алмасу мақсатында зертхана меңгерушісі ұсынған интенсивті селекция технологиясын Қазақстанға бейімдеу үшін Джон Иннес Орталығы (Ұлыбритания) және Ұлттық Ғылыми Аграрлық Орталығы (Пакистан) ғалымдарымен бірлесіп жұмыс жасалсын (**жауапты:** Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

4. Күнтізбелік жоспарға сәйкес және AP23488859 «Орталық Азия бидайына толық геномды сканерлеу, автоматтандырылған фенотиптеу және интенсивті селекция әдістері арқылы құндылықтар қосу», BR24992903-OT-24 «Практическое внедрение современных молекулярно-генетических, физиолого-биохимических, биотехнологических методов и цифрового фенотипирования в селекцию экономически значимых сельскохозяйственных культур» және BR22885305 «Селекционно-генетическая технология развития систем долгосрочного хранения, восстановления, мониторинга и рационального использования агробиоразнообразия, как базовой основы улучшения селекционных программ РК» ғылыми зерттеу жобалары аясында ғылыми жоба бойынша берілген барлық тәжірибелер уақытылы аяқталсын (**жауапты:** Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** күнтізбелік жоспарға сәйкес).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры Қ.Баймырзаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Т. Шүкенай

«2024-2025 оқу жылындағы білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының
нәтижелері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«01» шілде 2025ж.

Ғылыми кеңесте «2024-2025 оқу жылындағы білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы» есеп тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Білімгерлердің ҒЗЖ қатысу деңгейі 2024-2025 оқу жылында 30,6 % қамтыды (2023-2024 оқу жылы – 28,7 %). ҒЗЖ нәтижелері бойынша ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтарға қатысушылар үлесінің тұрақталуы (2024-2025 оқу жылы – 17,4%, 2023-2024 оқу жылы – 14,3%), WoS (2024-2025 оқу жылы – 2, 2023-2024 оқу жылы – 0), Scopus (2024-2025 оқу жылы – 12, 2023-2024 оқу жылы – 6) журналдарындағы жарияланымдар санының артуы, ҒЖБСҚЕК (2024-2025 оқу жылы – 13, 2023-2024 оқу жылы – 25,) журналдарындағы жарияланымдар санының төмен көрсеткіштері байқалады. Университетте және факультеттерде ғылыми семинарлар өткізілді. Jas Galym, Startup, Enactus, республикалық ҒЗЖ және олимпиадаға қатысу бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес орындалды.

«2024-2025 оқу жылындағы білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Ғылыми топтар мен проблемалық үйірмелер үшін олардың қызметі бойынша тиімділік көрсеткіштері әзірленсін (стартаптарға өтінімдер дайындау, ғылыми мақалалар жариялау, республикалық конкурстарға қатысу, авторлық куәліктер мен патенттерді алу, кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу) (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 01.10.2025 ж.).

2. Білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингтегі позициясын көтеру үшін білім алушылардың Web of Science және Scopus журналдарында мақала жариялауы арттырылсын, сондай-ақ халықаралық және республикалық байқаулар, олимпиадалар мен конференцияларда жүлделі орындар санын көбейту бойынша жұмыстар жетілдірілсін (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы бойы).

3. Гранттық қаржыландыру аясында орындалатын ғылыми жобалардың жүзеге асырылуына студенттер жұмылдырылсын (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары, жоба жетекшілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы бойы).

4. Университетішілік «Jas Galym» байқауына студенттерді орындаушы ретінде тарту жұмысы жетілдірілсін (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.10.2025ж.);

5. Студенттердің жергілікті және халықаралық атқарушы органдар ұйымдастыратын ғылыми-инновациялық конкурстар мен стартаптарға қатысуы арттырылсын (Jetysu Hub, Atameken, Astana Hub, Enactus, т.б.). (**жауаптылар:** Ғылым және коммерцияландыру департаменті, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы бойы).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтауловаға жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай